**Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы есепті ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жыл сайын, жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық есепті ұсынсын.

4. Орталық атқарушы органдар әзірленіп жатқан салалық бағдарламаларда шағын қалаларды дамыту жөніндегі нақты шаралар мен тетіктерді көздесін.

5. Жергілікті атқарушы органдарға әзірленіп жатқан өңірлік бағдарламаларда шағын қалаларды дамыту жөніндегі нақты шаралар мен тетіктерді көздеу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысымен бекітілген

**Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы Астана, 2003 ж.**

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіздемесі | "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы |
| Бағдарламаның мақсаты | Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайлар жасау |
| Бағдарламаның міндеттері | Шағын қалалардың функционалдық тұрпатына сәйкес олардың дамуының негізгі бағыттарын, сондай-ақ экономиканың нақты секторын, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға бағытталған шараларды айқындау |
| Іске асыру мерзімдері | 2004-2006 жылдар |
| Қаржыландыру көздері | Республикалық және жергілікті бюджеттердің, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ, "Инвесторлық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ, "Ұлттық инновациялық қор", жеке инвестициялар қаражаты |
| Күтілетін нәтижелер | Бағдарламаны іске асыру одан әрі экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму үшін шағын қалаларға жағдайлар жасауға ықпал ететін болады. Шағын қалалардың тұрмыс-тіршілігінің экономикалық негізі нығаяды, еңбек рыногындағы қауырттылық, көші-қон бәсеңдейді, жұмыспен қамту артады және халықтың табысы көбейеді. |

## 2. Кіріспе

Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003

жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде мыналар бастапқы база болып табылды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 1598 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы отырысында мақұлданған Шағын қалаларды дамыту тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында көрініс тапқан республиканы, оның салалары мен өңірлерін дамытудың стратегиялық бағыттары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 147 қаулысымен мақұлданған Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы.

Бағдарламаны әзірлеуге экономикалық реформалар жылдары көптеген шағын қалалардың дамуында келеңсіз өзгерістер орын алғаны себеп болды. Нарықтық экономика жағдайында шағын қалаларды дамытуға көзқарасты өзгерту, оларды ішкі ресурстар есебінен дербес дамуға біртіндеп көшіру қажеттілігі туындады.

Бағдарлама негізгі экономикалық және әлеуметтік факторларды жақсартуды көздейтін кешенді сипатта.

Бағдарлама шағын қалаларды олардың функционалдық тұрпатына сәйкес дамытудың негізгі бағыттарын, олардың нарықтық негізде өздерін өздері дамытуға көшуіне ықпал ететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды айқындайды.

## 3. Шағын қалалардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау

### 3.1. Шағын қалалардың жалпы сипаттамасы

Қазақстанда 60 шағын қала бар, оларға халқының саны 50 мың адамнан аспайтын қалалар жатады. Олардың ішінде 41 шағын қала тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады, бұл шағын қалалар санының 68%-ын және ауылдық аудандар санының 25%-ын құрайды. 19 шағын қала ауылдық аудандардың орталықтары болып табылмайды, олар: Степногорск, Темір, Ембі, Жем, Қапшағай, Текелі, Шар, Серебрянск, Курчатов, Шу, Шахтинск, Сарань, Приозерск, Қаражал, Лисаковск, Арқалық, Ақсу, Қазалы, Жаңаөзен. Олардың бір бөлігі облыстық маңызы бар қалалар болып табылады, бір бөлігі аудандардың қосылуы нәтижесінде аудан орталықтары мәртебесінен айырылды.

Шағын қалалар ел аумағы бойынша біркелкі бөлінбеген (1-кесте).

1-кесте

Қазақстан Республикасының облыстары бойынша шағын қалалардың тізбесі

| Облыс | Шағын қалалар саны | Шағын қалалардың атауы |
|---|---|---|
| Ақмола | 9 | Аққөл, Атбасар, Державинск, Есіл, Ерейментау, Макинск, Степногорск, Степняк, Шортанды |
| Ақтөбе | 7 | Алға, Жем, Қандыағаш, Темір, Хромтау, Шалқар, Ембі |
| Алматы | 9 | Есік, Жаркент, Қаскелең, Қапшағай, Сарқанд, Талғар, Текелі, Үшарал, Үштөбе |
| Атырау | 1 | Құлсары |
| Шығыс Қазақстан | 7 | Аякөз, Зайсан, Зыряновск, Курчатов, Серебрянск, Шар, Шемонаиха |
| Жамбыл | 3 | Жаңатас, Қаратау, Шу |
| Батыс Қазақстан | 1 | Ақсай |
| Қарағанды | 6 | Абай, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Сарань, Шахтинск |
| Қостанай | 3 | Арқалық, Жітіқара, Лисаковск |
| Қызылорда | 2 | Арал, Қазалы |
| Маңғыстау | 2 | Жаңаөзен, Форт-Шевченко |
| Павлодар | 1 | Ақсу |
| Солтүстік Қазақстан | 4 | Булаево, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша |
| Оңтүстік Қазақстан | 5 | Арыс, Жетісай, Леңгір, Сарыағаш, Шардара |

Олар ресурстық әлеуеті, демографиялық ахуалы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша бір-бірінен елеулі түрде өзгешеленеді.

Қалалардың экономикалық базасына, олардың салалық құрылымына, негізгі кәсіпорындары туралы деректерге жасалған талдау қалалардың мынадай 5 функционалдық тұрпатын бөліп алуға мүмкіндік берді:

1. Қалалар - өнеркәсіп орталықтары

1) Өндіру өнеркәсібі басым дамыған қалалар - 14 қала:

көмір өндіру - Абай, Шахтинск;

мұнай және газ өндіру - Жаңаөзен, Құлсары, Ақсай;

металл кендерін өндіру - Зыряновск, Қаражал, Лисаковск, Арқалық, Текелі,

Хромтау;

шикізат ресурстарының басқа түрлерін өндіру - Жаңатас, Қаратау, Жітіқара.

2) Өңдеуші өнеркәсіп басым дамыған қалалар - 9 қала:

химия өнеркәсібі - Сарань, Алға, Степногорск;

металлургия өнеркәсібі - Ақсу;

машина жасау, құрылыс, тоқыма және тамақ өнеркәсібі - Макинск, Ерейментау, Қапшағай, Леңгір, Арал.

3) Ауылшаруашылық өнімін ұқсататын салалар басым дамыған қалалар - 19 қала: Аққөл, Арқалық, Атбасар, Есіл, Степняк, Сарқанд, Жаркент, Қаскелең, Үштөбе, Есік, Үшарал, Талғар, Шемонаиха, Зайсан, Булаево, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша, Жетісай.

4) Электр энергиясын өндіру жөніндегі салалар басым дамыған қалалар - Шардара, Серебрянск.

2. Өнеркәсіп-көлік орталықтары - 8 қала: Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Аякөз, Шар, Шу, Арыс, Қазалы.

3. Ғылыми-тәжірибе орталықтары - Курчатов, Приозерск, Степногорск.

4. Сауықтыру орталықтары функцияларын орындайтын қалалар - Сарыағаш, Шортанды, Қарқаралы.

5. Бұрынғы өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес функцияларынан біртіндеп айырылып бара жатқан қалалар - 4 қала: Жем, Темір, Державинск, Форт-Шевченко.

Көптеген шағын қалаларды дамыту экономиканың белгілі бір саласымен тікелей байланысты болды, сондықтан нақты бір қаладағы ахуал да осы салалардағы жай-күй мен үрдістерге байланысты болды.

Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының серпінін, халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерге жасалған салыстырмалы талдау бүгінгі күнге салыстырмалы түрде жағдайы тәуір шағын қалалар тобын бөліп алуға мүмкіндік берді, оларға Қандыағаш, Хромтау (Ақтөбе облысы), Құлсары (Атырау облысы), Текелі (Алматы облысы), Зыряновск (Шығыс Қазақстан облысы), Ақсай (Батыс Қазақстан облысы), Лисаковск (Қостанай облысы), Жаңаөзен ( Маңғыстау облысы), Ақсу (Павлодар облысы) қалаларын жатқызуға болады. Бұл қалалардың елеулі табиғи-ресурстық және өндірістік әлеуеті, халқының жоғары табыстары бар.

Солай бола тұра, шағын қалалардың жалпы санынан әлеуметтік-экономикалық дамудың ең нашар көрсеткіштерін арқалаған тоқыраған шағын қалалар оқшауланып көрінеді.

"Қазақстан Республикасы аймақтық саясатының 2002-2006 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 1598 қаулысына сәйкес осындай қалаларды анықтау үшін шағын қалаларды тоқтаған қалаларға жатқызудың мынадай өлшемдері және олардың тиісті

шекті мәндері пайдаланылды:

өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі халықтың жан басына шаққанда орташа республикалық деңгейдің 20%-ынан төмен;

ресурстық базаның жоқтығы немесе сарқылуы;

экономикалық қызметтің ірі орталықтарынан қаланың шалғай орналасуы;

қалалардың өнім өткізудің ірі рыноктарынан алыстығы;

соңғы үш жыл ішінде жұмыссыздықтың орташа деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен 50 пайыз және одан да жоғары болды;

өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің орташа айлық жалақысы республика бойынша орташа айлық жалақымен салыстырғанда 1,5 есе төмен;

өндірістік инфрақұрылымның мешеулігі;

қолайсыз экологиялық жағдайлар.

Осы өлшемдердің жиынтығы бойынша тоқыраған қалалар санатына мына шағын қалаларды жатқызуға болады: Державинск, Степняк (Ақмола облысы), Алға, Шалқар ( Ақтөбе облысы), Абай, Қарқаралы (Қарағанды облысы), Арқалық, Жітіқара (Қостанай облысы), Арал (Қызылорда облысы), Форт-Шевченко (Маңғыстау облысы).

Аудандық бағыныстағы шағын қалалардың дербес бюджеттері жоқ және аудандық бюджеттерден қаржыландыру жоспарлары бойынша қаржыландырылады. Аудандар бюджеттері негізінен дотациялық сипатта.

Бюджет қаражатын әртүрлі деңгейдегі бюджеттер арасында қайта бөлудің қолданылып жүрген тетігі шағын қалалардың қаржы жағдайының тұрақсыздығына әкеп соғады, әлеуметтік саланың бар объектілерінің жұмыс істеуіне байланысты шығындарды қаржыландыруды толық көлемінде қамтамасыз етпейді.

**3.2. Әлеуметтік даму**

**3.2.1. Халық**

Шағын қалалар халқының жалпы саны 2002 жылы 1,4 млн. адам болды.

Халықтың табиғи өсімінің қысқаруы және жоғары көші-қон легі шағын қалалар халқы санының едәуір қысқаруына әкеп соқты. Нәтижесінде халық санағы өткен жылдар аралығындағы 10 жыл ішінде Державинск қаласы халқының 50%-ынан, Курчатов қ. мен Жаңатас қ. - 43 %, Қаратау қ. - 35 %, Қарқаралы қ.- 33 %, Степняк қ., Арқалық қ. және Сергеевка қ.- 27 %, Абай қаласы халқының 25%-ынан айырылды.

Көші-қонның негізгі себептері: жұмыстың жоқтығы, еңбек және тұрмыс жағдайларының нашарлауы, білім алуға құлшыныс.

Шағын қалалардан еңбекке қабілеттегі жастағы адамдардың көшіп кетуі салдарынан олардың халқы қартаю үрдісіне ие болып отыр. Жекелеген шағын қалаларда жасы үлкен топтарындағы халықтың үлесі 18-20%-ға жетеді.

Халқының саны жөнінен 13 шағын қала қала мәртебесіне сәйкес келмейді, олар - Державинск, Ерейментау, Степняк, Жем, Темір, Курчатов, Шар, Қарқаралы, Қазалы, Форт-Шевченко, Булаево, Мамлютка, Сергеевка.

### 3.2.2. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Шағын қалалардың көпшілігінің аса өткір проблемасы жұмыссыздық болып табылады. Соңғы үш жылға (2000-2002 жылдар) есептелген жұмыссыздықтың орташа деңгейі туралы деректер жұмыссыздықтың аса жоғары көрсеткіштері орын алған шағын қалалар тобын бөліп алуға мүмкіндік берді: Степняк - экономикалық белсенді халқының 21,5 %-ы, Форт-Шевченко - 18,4 %, Арқалық - 16,6 %, Қарқаралы - 15,5 %, Қаратау - 15,7 %, Жітіқара - 12,5 %.

Жұмыссыздардың 60 %-ынан 80%-ына дейін ұзақ уақыт бойы (бір жылдан астам) жұмыссыз жүрген, өздерінің біліктілігін жоғалтқан азаматтар құрайды.

Шағын қалалардың еңбек рыногында жұмыс күшінің сұранымы мен ұсынысының сандық та, сапалық та сәйкессіздігі сақталуда. Тұтас алғанда өнеркәсіптегі және экономикадағы тұрақтандыру кәсіби кадрлардың, ең алдымен инженер-техник қызметкерлерінің болуын талап етті, ал кәсіпорындарда жаңа технологияларды енгізу қызметкерлер біліктілігінің деңгейіне қойылатын талаптарды арттырды.

Еңбек рыногындағы жұмыс күшінің ұсынысы ретінде негізінен бұрынғы ауыл тұрғындары бой көрсетуде. Олардың үштен бір бөлігінің ғана жоғары және орта кәсіби білімі бар, бірақ ол шағын қалаларда жұмыс істеп тұрған өндірістердің бейініне сәйкес келмейді.

Осының салдарынан қалалар экономикасын дамытудың перспективалары мен басымдықтарын басшылыққа ала отырып, жаңа сапалық негізде кадр әлеуетін көбейту жөнінде шаралар қолдану қажеттігі туындайды.

### 3.2.3. Халықтың тұрмыс деңгейі

Шағын қалалар халқының жан басына шаққанда орташа ақшалай табысы орташа облыстық деңгейдің 30-80 %-ын ғана құрайды. Неғұрлым төмен табыстар халқы негізінен жеке қосалқы шаруашылық есебінен тұратын аграрлық-өнеркәсіптік кешен орталықтары болып табылатын қалаларда орын алып отыр. Мәселен, Степняк қаласында халықтың жан басына шаққанда табыстары 40%-ды, Державинск қаласында - Ақмола облысы бойынша орташа облыстық деңгейдің 48 %-ын, Арал қаласында Қызылорда облысы бойынша орташа облыстық деңгейдің 43 %-ын құрайды және т.б.

53 шағын қалада жалақы республика бойынша орташа көрсеткіштерден төмен, оның үстіне 18 қалада - екі есе төмен. 7 қалада ғана жалақы орташа республикалық жалақыдан жоғары: Курчатов пен Зыряновскіде - 1,2 есе, Хромтауда - 1,4, Ақсуда - 1,6, Құлсарыда - 1,9, Ақсайда - 2,7, Жаңаөзенде - 2,9 есе жоғары.

Шағын қалалар халқы табыстарының негізгі көздері кәсіпорындар мен ұйымдардағы (негізінен бюджеттік) жалақы болып табылады, оның үлесі табыстардың жалпы сомасында 50-60%-ды құрайды, зейнетақылар, стипендиялар, әртүрлі жәрдемақылар табыстардың шамамен 20-30%-ын, қосалқы шаруашылықтан түсетін түсімдер - 10-15%-ды құрайды, қалғаны - жақындары мен достарының көмегі.

### 3.3. Өнеркәсіп өндірісі мен шағын бизнестің жай-күйі

Шағын қалалардағы өнеркәсіп өндірісі бір-екі салада айқын маманданумен сипатталады, ал қалған салалар болымсыз дамыған, не өнеркәсіп кәсіпорындары мүлдем жоқ. Өндіріс көлемінің төмендеуі немесе қала салушы кәсіпорындардың тоқтап қалуы қаладағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жалпы нашарлап кетуіне әкеп соғады.

Халықтың жан басына шаққанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі мұнай, газ және металл кендерін өндіру орталықтары - шағын қалаларда (Ақсай, Ақсу, Қаражал, Хромтау, Зыряновск, Құлсары) орташа республикалық деңгейден асып түседі. Шағын қалалар - металл кендерін өндіру мен өңдеудің ұзақ жылғы өнеркәсіп орталықтары - өнеркәсіп өндірісінің тұрақты көлеміне және өткізу рыноктарына, халықтың жоғары табыстарына (Хромтау, Зыряновск, Қаражал) ие болып отыр.

Халықтың жан басына шаққанда өнеркәсіп өндірісінің ең аз көлеміне ауылшаруашылық аудандарының орталықтары болып табылатын қалалар (Сарқанд, Үштөбе, Жаркент, Есік, Степняк және басқалар) ие.

Пайдалы қазбалар өндіру орындарында орналасқан шағын қалалардың дамуы кен орындарының өміршеңдік циклінің дәрежесіне, өнімді талап ету мен оған сұраным деңгейіне байланысты болады.

Қазақстанның батысындағы жаңа мұнай және газ кен орындарын игеру аудандарында орналасқан шағын қалалар (Ақсай, Жаңаөзен, Құлсары, Қандыағаш) өнеркәсіп өндірісі өсуінің неғұрлым жоғары қарқынына, инвестициялардың үлкен көлемдеріне және халықтың жоғары табыстарына ие болып отыр.

Солай бола тұра, пайдалы қазбалар қорларының сарқылуы, өнімге деген сұранымның азаюы себепті өндірістің құлдырауы салдарынан жағдайлары айтарлықтай нашарлап кеткен өндіруші бейініндегі бірқатар шағын қалалар бар. Оларға мыналар жатады: Арқалық қ. (боксит қорлары сарқылған), Текелі қ. (руда құрамында түсті металдар аз), Жітіқара қ. (асбестке сұраным азайып кетті), Абай қ. (тиімсіз көмір шахталары жабылып қалды).

Шағын қалалардағы өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары шығарылатын өнімнің бәсекелестік қабілетінің төмен болуы, сұранымның болмауы, өткізу рыноктарының қашықтығы және тасымалдау тарифтерінің жоғары болуы салдарынан тоқтап тұр немесе ішінара жұмыс істеуде. Олардың жағдайын табиғи және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтар, көші-қон нәтижесінде білікті кадрлардан айырылып қалу қиындата түсуде.

Шағын қалалар арасында өнеркәсіп өндірісі тоқтатылған немесе ең төмен деңгейге жеткізілген қалалар тобы оқшауланады, олар - Степняк, Державинск, Қарқаралы, Темір, Қазалы, Жаңатас, Каратау.

Төмен өндірістік және тұтыну сұранымы, кәсіпкерлерде өтімді кепілдік мүліктің болмауы себепті қаржы-кредит ресурстарына қол жетімсіздігі экономикасы тоқыраған қалаларда шағын бизнестің дамуына тосқауыл болуда.

**3.4. Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым**

Көліктік орналасуы жөнінен шағын қалаларды екі топқа: темір жол желілері бойында орналасқан қалалар (51 қала), темір жолдардан шалғай орналасқан қалалар (9 қала) деп екі топқа бөлуге болады.

Бұдан басқа, бірқатар шағын қалалар өнеркәсіп-көлік орталықтары болып табылады , олар - Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Аякөз, Шу, Арыс, Қазалы.

Елдің 60 шағын қаласының жетеуі халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында, 26-сы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында, 27-сі жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының бойында орналасқан.

Өндірістік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жай-күйі шағын қалалардың дамуын тежеп отырған түйінді проблемалардың бірі болып табылады. Көлік жолынан шалғайлық және автомобиль жолдары жай-күйінің нашарлығы проблемасы ерекше өткір сипат алған.

Автомобиль жолдарының төмен техникалық деңгейі, жекелеген көпірлердің авариялық күйі көліктің жылдамдық мүмкіндіктерінің төмендеуіне, тауарлар мен қызметтердің құнындағы көлік үлесінің ұлғаюына, ауылшаруашылық өнімін тасымалдау кезінде ысырапқа әкеп соғады.

Ірі өткізу рыноктарынан, қалалық агломерациялардан шалғайлық, көлік жолының тұйыққа тірелуі Державинск (облыс орталығынан 390 км), Арқалық (590 км), Қарқаралы (250 км) сияқты және басқа да қалалардың дамуын қиындатуда. Олар облыс орталықтарымен едәуір жөндеу жұмыстарын қажет ететін автомобиль жолдарымен байланысқан.

Республиканың шағын қалалары олардың аумағындағы өнеркәсіп орындары мен осында тұратын халықтың мұқтаждығы үшін сумен қамтамасыз етілудің әртүрлі деңгейіне ие болып отыр. Әкімдіктердің деректері бойынша Степняк қ. халқының 95 % -ы, Шу қ.-28 %-ы, Арқалық қ. - 28 %-ы, Арал қ. - 32 %-ы, Қарқаралы қ. - 35 %-ы сапалы ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Осы қалалардың тұрғындары ашық тоғанның суын, тасымал суды пайдаланады.

Шағын қалалардың аса маңызды проблемасы тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін (қазандықтар, жылу, кәріз және су құбыры желілері, электрмен жабдықтау , тұрғын үй қоры және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер) күтіп ұстау мәселесі болып табылады.

Су құбырлары мен кәріз желілері әбден тозып ескірген. Шағын қалалардың басым көпшілігінде су құбыры және кәріз жүйелері, тазарту құрылыстары жарамсыз күйге жетіп, қоршаған ортаны ластау, халықтың ауруға ұшырау көздеріне айналған.

Шағын қалалардың коммуналдық кәсіпорындары негізінен залалды кәсіпорындар болып табылады. Шағын қалаларға жылыту маусымын өткізуге мазут, көмір, газ сатып алу үшін бюджеттерден жыл сайын едәуір мөлшерде демеу қаржы бөлу талап етіледі.

Шағын қалаларда ескі және азаматтар тастап кеткен үйлер аз емес. Мәселен,

Жітіқара қаласында иесіз қалған тұрғын үйлер 16 %-ды құрайды, Абай мен Арқалық қалаларында 2000-нан астам пәтер қаңырап бос тұр.

Шағын қалалардың әлеуметтік инфрақұрылымы осы саланы оңтайландыру кезінде қысқарды, алайда халықтың мектептермен, ауруханалармен, медициналық қызметшілермен қамтамасыз етілуі орташа облыстық көрсеткіштерге таяп қалды. Барлық шағын қалаларда мәдениет, спорт мекемелері жұмыс істейді.

Сонымен қатар қаржы-қаражаттың жетіспеуі салдарынан оларды күтіп ұстау, күрделі жөндеуден өткізу, жабдықтарды жаңарту қиындап кетті.

Оңтүстік өңірлердің шағын қалаларында халықтың өсуіне және оралмандардың келуіне байланысты жаңа жалпы білім беретін мектептер, медицина мекемелерін салу қажеттігі туындауда. Дәрігерлердің, мұғалімдердің, әлеуметтік қызметкерлердің жетіспеуі байқалады.

Шағын қалаларды дамытудың бас жоспарлары 70-80 жылдары жасалып, іс жүзінде өздерін сарқып тауысқан.

### 3.5. Экологиялық ахуал

Атмосфералық ауаның ластануы, топырақтың, жер бетіндегі тұщы судың және су тоғандарындағы балық қорларының химиялық тұрғыда улануы, халықтың ауруға ұшырау деңгейінің артуы шағын қалалардың өнеркәсіптік дамуының экологиялық зардаптары болып табылады.

Мыналар:

күлтөбелердің көбеюі, беталды төгілген үйінділер және жалпы қалалық тазарту құрылыстарының болмауы;

қалаларға жақын орналасқан кәріз желілері мен сүзгі алаңдарының нашар жай-күйі;

кен өндіру кәсіпорындарының үйінділері мен қалдық сақтау қоймаларының үлкен көлемі;

қатты отынмен жұмыс істейтін қисапсыз көп қазандықтардан ластаушы заттардың шығарылуы экологиялық жайсыздықтың көздері болып табылады.

### 3.6 Шағын қалалардың дамуын тежеп отырған негізгі проблемалар мен факторлар

Шағын қалалардың экономикасы мен әлеуметтік саласын талдау оларға тән негізгі проблемаларды бөліп алуға мүмкіндік берді. Оларға мыналар жатады:

шағын қалаларды дамытудың тиімді стратегиясы мен бағдарламаларының болмауы;

дамуға қаражаттың болмауы, жоғары тұрған бюджеттерге тәуелділік;

тұрмыстың төмен деңгейі мен сапасы;

жұмыссыздықтың жоғары деңгейі;

қала салатын кәсіпорындарға тым тәуелді болу;

өндірістік және көліктік инфрақұрылым объектілерінің қатты тозып кетуі;

экономиканың барлық саласында білікті жұмысшылар мен мамандардың жетіспеуі;

көптеген қалалардың облыс орталықтарынан алыс қашықтықта болуымен ұштаса келгенде көлік коммуникацияларының қанағаттанғысыз жай-күйі;

экологиялық проблемалар.

**4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

шағын қалалардың функционалдық тұрпаттамасына сәйкес оларды дамытудың негізгі бағыттарын айқындау;

экономиканың нақты секторын дамытуға және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға бағытталған шараларды айқындау;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған шараларды айқындау;

тиімді инвестицияларды тартуға бағытталған шараларды айқындау болып табылады.

Бөліп алынған міндеттерді шешу әртүрлі бағыттағы шаралардың кең ауқымын әзірлеуді және іске асыруды көздейді.

**5. Шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттары мен Бағдарламаны іске асыру тетіктері**

**5.1. Жалпы бағыттар**

Осы бағдарламада елдің шағын қалаларын дамытудың негізгі стратегиясы айқындалады, қаржыландырылу республикалық және облыстық бюджеттерден жүзеге асырылуы тиіс салалар бөліп алынады. Әрбір қаланы дамыту жөніндегі нақты шаралар 3-бөлімде айқындалған тұрпаттамаға сәйкес әзірленетін шағын қалаларды дамытудың өңірлік бағдарламаларында көзделуге тиіс.

Шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттары:

әртараптандыру және көлемі әртүрлі кәсіпорындар мен салалық иеліктің оңтайлы үйлесімін жасау арқылы экономика құрылымын жетілдіру;

қалалардың функционалдық мамандану құрамын кеңейту;

шағын қалаларға жақын маңда бар минералдық-шикізат ресурстарын игеру;

халықтың негізгі қызмет түрлеріне қол жетімділігін арттыру үшін әлеуметтік инфрақұрылымды аумақтық ұйымдастыру;

халықты және кадр әлеуетін көбейту;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымын аумақтық ұйымдастыру болып табылады.

Шағын қалаларды дамытудың негізгі бағыттары олардың минералдық-шикізат, өндірістік және еңбек әлеуетін, қолайлы географиялық жағдайын ескере отырып айқындалды.

**5.2. Өнеркәсіп бағытындағы қалаларды дамыту**

Өндіруші өнеркәсіп басым дамыған шағын қалаларды одан әрі дамыту перспективалары шикізат базасы қорларының болуымен және көлемдерімен, оны кеңейтумен, бір бағытта мамандануды жұмсарту, өңдеуші өнеркәсіпті дамытумен байланысты.

Осыған байланысты:

өңірлік деңгейде Шағын қалаларды дамыту бағдарламасында:

қала салатын кәсіпорынды толықтыратын немесе алмастыратын баламалы өндірістерді орналастыру;

металл рудаларын байыту, негізгі өндіріс қалдықтарын өңдеу жөніндегі шағын өндірістерді құру:

шикізат өндіру тиімсіз болып қалған қалаларда қала салатын кәсіпорындарды әртараптандыру жөнінде шаралар көздеу ұйғарылуда.

республикалық деңгейде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1449 қаулысымен бекітілген Елдің минералдық-шикізаттық кешені ресурстық базасын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес шағын қалаларға жақын маңдағы минералдық шикізаттың және басқа да пайдалы қазбалардың перспективалы кен орындарын анықтау және игеру жөнінде іздестіру-барлау және одан кейінгі жұмыстарды жүзеге асыру;

шағын қалалардың мүдделерін ескеретін жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімін жетілдіру.

Негізінен өңдеуші бағыттағы шағын қалалар экономикасының құрылымын жетілдіру мақсатында мына шараларды:

бос өндірістік алаңдарда тауарлар шығару мен қызметтер көрсетуді ұйымдастыруды;

қаладан тысқары жерлерге сату үшін өнім өндіруді жүзеге асыратын кәсіпкерлерді басым қолдауды;

күрделі жабдықтар мен жоғары білікті күшті қажет етпейтін жинақтаушы бұйымдар мен бөлшектер өндіруді ұйымдастыру үшін ірі кәсіпорындардың құрылымдық бөлімшелерінің шағын қалаларға орын ауыстыруын ынталандыруды жүзеге асыру көзделуде.

**5.3. Аграрлық-өнеркәсіптік бағыттағы қалаларды дамыту**

Аграрлық-өнеркәсіптік бағыттағы шағын қалалардың перспективалары ауыл шаруашылығының дамуына, ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсетуге байланысты. Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында мынадай іс-шараларға қолдау көрсету шаралары айқындалған: лизингтік негізде жабдықтар беру, жабдықтар лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкалары мен банк кредитін өтеу және басқалар.

Бұл қалаларда ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін және ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін кәсіпорындар кешенін: ауылшаруашылық техникасын жөндеу жөніндегі зауыттарды, астықты, ет пен сүтті, жеміс-көкөніс өнімін, балықты барынша өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды, өнім сақтайтын қоймалар, тоңазытқыш камераларын, ауылдық тауар өндірушілер мен халыққа қызмет көрсету жөніндегі сервистік қызметтерді (аграрлық-химиялық қызметтер, МТС, мал тұқымын асылдандыру орталықтары, консалтингтік және маркетингтік орталықтар) және басқаларын орналастыру көзделуде.

Ауылшаруашылық өнімін өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды орналастыру ауылшаруашылық өндірісінің аймақтық мамандануына сәйкес жүргізілетін болады.

Осыны басшылыққа ала отырып мына шараларды:

астықты крахмалға, мұздатылған немесе құрғақ желімтікке, глюкоза-жеміс шәрбатына терең ұқсату өндірісін ұйымдастыруды (Арқалық қ., Лисаковск қ., Ерейментау қ., Державинск қ.);

тамақ концентраттарының, дәннен жасалған құрғақ таңертеңгілік астардың, сұлы, арпа, бидай үлпегі секілді жылдам пісетін жармалардың шағын өндірістерін құруды ( Есіл қ., Булаево қ., Тайынша қ., Шемонаиха қ.);

балалар тағамы үшін сүттен консервілер өндіру, құрғақ сүт, ірімшік, және сары май шығару жөніндегі цехтарды салуды (Шортанды қ., Аққөл қ. Сергеевка қ, Текелі қ.);

шапшаң мұздатылған жемістер мен көкөніс өндіру жөніндегі цехтарды салуды ( Қаскелең қ., Леңгір қ., Шу қ., Шардара қ., Зыряновск қ., Серебрянск қ.);

соя майын, сүтін, ірімшігін, ал кейіннен - ет алмастырғыштар мен басқа да өнімдер алынатын соя өңдеу зауытын орналастыруды (Қапшағай);

джем, жеміс езбесін, балалар тағамын, табиғи шырындар өндіруді ұйымдастыруды ( Текелі қ., Сарыағаш қ., Жетісай, Леңгір қ., Қаскелең қ., Есік қ., Талғар қ.);

жүн мен теріні бастапқы өңдеуді, жүн иіру және былғары кәсіпорындарын ұйымдастыруды (Арқалық қ., Аягөз қ., Қарқаралы қ., Қаратау қ., Жаңатас қ.);

жүгері ұқсату кәсіпорындарын салуды (Шу қ., Жаркент қ.);

қант зауыттарын қайта құруды (Шу қ., Үшарал қ.);

балық питомниктерін және балық ұқсатуды ұйымдастыруды (Үшарал қ., Приозерск қ., Арал қ., Форт-Шевченко қ., Серебрянск қ.) жүзеге асыру көзделуде.

### 5.4. Басқа бағыттағы қалаларды дамыту

Көлік орталықтары - шағын қалаларды одан әрі дамыту темір жолдарға қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындаумен және көлік құралдарын жөндеу және жинау жөніндегі өнеркәсіп өндірісін жүзеге асырумен байланысты.

Осы бағыт шеңберінде Бағдарламада мынадай іс-шараларды іске асыру:

Шу қаласында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базасында осы заманғы локомотивтерді құрастыру өндірісін ұйымдастыру;

Атбасар және Қазалы қалаларында электровоздар мен тепловоздар жөндеу

зауыттарын қайта құру көзделуде.

Шортанды және Сарыағаш шағын қалаларын дамытудың перспективалы бағыты республикалық және халықаралық ауқымда демалу және сауықтыру қызметтерін көрсету болып табылады.

Сонымен қатар Есік, Жаркент, Қаскелең, Қапшағай, Сарқант, Талғар, Текелі ( Алматы облысы), Приозерск - Прибалхашье, Қарқаралы (Қарағанды облысы), Шардара (Оңтүстік Қазақстан облысы) сияқты шағын қалалар игеруді қажет ететін едәуір қалпына келтіру әлеуетіне ие.

Осы шағын қалалардың қалпына келтіру әлеуетін игеру мына шараларды іске асыруды:

жыл бойына пайдалану есебімен туристер мен демалушылар орналастырылатын қарапайым, айтарлықтай арзан, шағын (25-100 орын шегінде) объектілер салуды;

шағын қалаларда өздерінің демалыс аймақтарын салуға мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға туризм мен демалысты дамытудың нақты аудандарында құрылыс жүргізу нормалары шегінде мемлекеттік табиғи грант түрінде жер телімдерін беруді;

бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік демалу мен емделу (балалар, мүгедектер, қарттар) үшін объектілер салуды;

туристік кешендер, этнографиялық мұражайлар мен демалыс аймақтарын құруды;

ілеспе инфрақұрылымды: көлік-жол, сумен, электрмен, жылумен жабдықтауды, телекоммуникацияны дамытуды қажет етеді.

Ғылыми бейіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар қала салуға ұйытқы болып табылатын Курчатов, Степногорск және Приозерск қалаларының дамуы ғылыми әлеуетті сақтап, ғылыми зерттеулерді одан әрі жалғастырумен байланысты.

Осы мақсатта:

жұмыс істеп тұрған жоғары технологиялы өндірістерді сақтап, жаңаларын дамыту;

Приозерск және Степногорск қалаларында ғылымды көп қажет ететін, экспортқа бағдарланған өндірістерді әзірлеу мен құруға бағытталған технопарктер құруды жеделдету;

ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және елде жасалған технологияларды енгізуге және оларды жоғары зияткерлік өнімнің дүниежүзілік рыногына өтіп ұсынуға жәрдемдесу қажет.

**5.5. Экономикасы тоқыраған шағын қалаларды дамыту**

Экономикасы тоқыраған әрбір шағын қала қаланың экономикасын тоқырау жағдайынан алып шығу жөніндегі шаралар кешенін көздейтін өзінің Бағдарламасын әзірлейді.

Экономикасы тоқыраған шағын қалалардың дамуын мемлекеттік қолдау барлық шағын қалалар үшін көзделетін шараларды іске асырумен қатар осы мақсатқа облыстық бюджеттерге мақсатты трансферттер бөлу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Осы мақсаттарға республикалық бюджеттен белгіленген рәсімдерге сәйкес осы Бағдарламаның 3.1-тармағында көрсетілген экономикасы тоқыраған шағын қалаларға мемлекеттік жәрдем көрсету үшін мақсатты трансферттермен облыстық бюджеттерге 750 млн. теңге бөлінетін болады.

**5.6. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту**

Әртүрлі өңірлерде, оның ішінде шағын қалаларда халықтың тығыздығы мен шынайы қажеттіліктерін ескермейтін әлеуметтік саланың мемлекеттік ұйымдарының әртүрлі желісі бар.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 147 қаулысымен мақұлданған Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасына сәйкес болашақта әлеуметтік сала объектілерінің жүйесімен нормативті түрде қамтамасыз етуге көшу көзделуде.

Шағын қалалардың әлеуметтік инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында:

инфрақұрылымның республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын әлеуметтік жаңадан салынатын және қайта жаңартылатын объектілерінің тізбесін қалыптастыру;

2002-2005 жылдарға арналған ескі үйлерді күрделі жөндеуден өткізу және авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі өңірлік бағдарламалар шеңберінде шағын қалалардың тұрғын үй-коммуналдық саласын жаңғыртуды жүзеге асыру;

2004-2006 жылдары 22 шағын қалаларда ұқсас телефон станцияларын цифрлы станцияларға ауыстыруды жүзеге асыру;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, 2004-2006 жылдарға арналған инвестициялық жобалар тізбесіне енгізілген жалпы сомасы 7073,57 млн. теңгеге 22 шағын қала бойынша әлеуметтік инфрақұрылымның 26 объектісінің құрылысын, оның ішінде:

сумен жабдықтау саласында:

Арал және Қазалы шағын қалаларын сумен жабдықтауды қамтитын Қызылорда облысының Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын (4-кезегі) салу;

Атырау облысы Жылыой ауданының Құлсары-Тұрғұзба-Шоқпартоғай-Аққызтоғай топтық су құбырын қайта жаңарту;

Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара топтық су құбырын қайта салу;

Ақмола облысы Аққөл қаласының су құбыры жүйесін қайта жаңарту;

Ақмола облысы Атбасар қаласының ұңғымалы су жиналғысын қайта жаңарту;

